

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы «Ойыл аудандық білім бөлімі»
ММ-нің
«Теректі негізгі мектебі» КММ-нің мемлекеттік аттестаттау
нәтижелерінің
қорытындысына сәйкес кемшіліктерді жою бойынша анықтама**

«Ақтөбе облысының білім басқармасы «Ойыл аудандық білім бөлімі» ММ-нің «Теректі негізгі мектебі» КММ-сі 2024 жылдың 29 шілде-02 тамыз аралығында мемлекеттік аттестаттаудан өтті. Мемлекеттік аттестаттаудың қорытындысына сәйкес төмендегідей кемшіліктер мен ескертулер жасалды:

1. **Өлшемшарттың 9.3. тарауы.** Тәрбиешілер Әжібаева Ақбөбек Әжібайқызының еңбек өтілі 12 жыл 8 ай, Бауеденова Дамет 22,8 жыл болуына байланысты біліктілік санатын арттыру, диплом бойынша мамандықтарын ұсыну. Бауеденова Дамет үш жылда бір реттен сиретпей біліктілігін арттыру курсынан өту.
2. **Өлшемшарттың 11.1. тарауы.** Әдістемелік ұсынымдардың 3-қосымшасына сәйкес 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарына ұсынылған, алайда мектепалды даярлық тобының 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарына балалардың тізімін нақтылап ұсыну, келген, кеткен тәрбиеленушілердің растаушы құжаттарымен ұсыну
3. **Өлшемшарттың 12.2. тарауы.** Оқу пәндерінен баға қорын толықтыру, уақтылы электронды журналға қалыптастырушы және жиынтық бағалауды енгізу
4. **Өлшемшарттың 12.3. тарауы.** Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" №348 2-қосымшасы, 2-тарауы 5-тармағының 1,2,3,4,5,6-тармақшалары, 3-қосымшасы 2-тарауы 15-тармағына сәйкес "Біртұтас тәрбие бағдарламасы" бойынша жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар бағытында бекітілген жобалар планері, қамқоршылық кеңес жоспары, хаттамаларын ұсыну
5. **Өлшемшарттың 12.9. тарауы.** "Жолда жүру ережелері" оқу курсы бойынша тақырыптары сынып сағаттары тақырыптарына кіріктіріліп "Bilimclass" электрондық журналындағы "Тәрбие сағаты" бөліміне тақырыптарды енгізу
6. **Өлшемшарттың 12.10. тарауы.** Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" №348 бұйрығының 3-қосымшасы 2-тарауы 39-тармағының талаптарына сәйкес басқару менеджменті бойынша мектеп директоры және тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары курстан өткізу. Технология пәнінің мұғалімі Сәрсенғалиев Асылхан Базарұлы еңбек өтілі 15,2 жыл, Химия пәнінің мұғалімі Мұхит Ақерке Құралбайқызы, математика пәнінің мұғалімі Қазыбаева Гүлім

Ерболкызы біліктілік санаттарын мерзіміне сәйкес арттыру. Педагог-психолог Кошкарбаева Асем Нурбакытовна еңбек өтілі 5 жыл, біліктілікті арттыру курсынан өткізу. Әрбір ғимаратқа (оқу корпусына) санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының көшірмесін ұсыну. Медициналық қызметке №10644DD лицензияға қосымшасында білім беру ұйымының мекен-жайын нақты көрсету. Модификациялық физика, химия, биология кабинеттерімен жабдықтау

7. **Өлшемшарттың 13.1. тарауы** 2022-2023 оқу жылында оқу жұмыс жоспары ҚР БҒМ 2012 жылы 8 қарашадағы №500 бұйрығының (өзгерістер енгізу туралы 12.08.2022 №365 бұйрығы) үлгілік оқу жоспарының 6-қосымшасы негізінде жасалған Негізгі орта білім беру деңгейдегі білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі 5-сыныпта 28,5 сағат, 6-сыныпта 28 сағат, 7-сыныпта 31 сағат, 8-сыныпта 32,5 сағат, 9-сыныпта 34 сағат болып тұр. Осы оқу жылының оқу жұмыс жоспары мен сабақ кестесіндегі сағат саны сәйкес. Оқу жұмыс жоспарында біріктірілген 5-6 сыныптарда 0,25 сағат, 7-8-сыныптарда 0,25 сағат мемлекеттік жалпы міндетті білім беру стандарты орындалмаған. Алдағы уақытта мемлекеттік жалпы міндетті стандарттында аталған қателіктерді болдырмау мақсатында жұмыстанып, қорытындысын педагогикалық кеңесте қарау, шешімін ұсыну.

8. **Өлшемшарттың 14.2. тарауы** Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» №348 бұйрығының 2-қосымшасы 4-тарауы 40-44-тармақтары, 3-қосымшасы 4-тарауы 57,59-тармақтарының талаптарына сәйкес <https://bilimclass.kz/> электрондық журналын зерделеу барысында білім алушылардың оқу жетістіктері бағалау өлшемшарттарға сәйкес жүргізу, кейбір оқу пәндері бойынша қалыптастырушы бағалаудың қорын молайту.

Жоғарыда көрсетілген ескертулер мен бұзушылықтарды жою мақсатында жоспар құрылды. Жоспарға сәйкес 2024 жылдың 6 тамызы күні мемлекеттік аттестаттау нәтижелерінің қорытындысымен таныстыру мақсатында кезектен тыс педагогикалық кеңес өтті.

Педагогикалық кеңес хаттамасы және кемшіліктерді жою бойынша іс-шаралар жоспары қосымша жалғанды.

2025 жылдың 10 сәуіріне дейін жоғарыда көрсетілген бұзушылықтар мен ескертулердің барлығын жою үшін мектеп директоры М.Е. Аяпбергенов төмендегі мәселелер бойынша жауапты мамандарды тағайындап, пысықтауды жүктеді.

1. **Өлшемшарттың 9.3. тарауы.** Тәрбиешілер Әжібаева Ақбөбек Әжібайқызының еңбек өтілі 12 жыл 8 ай, Бауеденова Дамет 22,8 жыл болуына байланысты біліктілік санатын арттыру, диплом бойынша

мамандықтарын ұсыну. Бауеденова Дамет үш жылда бір реттен сиретпей біліктілігін арттыру курсынан өту.

Қорытынды:

Мектепалды даярлық тобының тәрбиешісі Әжібаева Ақбөбек Әжібайқызы еңбек өтілі 12 жыл 8 ай, диплом бойынша мамандығы - бастауыш сынып мұғалімі. Алайда 29.08.2024 жылдан бастап Әжібаева Ақбөбек Әжібайқызы бастауыш сынып мұғалімі А.Беисова зейнеткерлікке шығуына байланысты ішкі тәртіп ережесі бойынша бастауыш сынып мұғалімі болып ауыстырылды. «Еңбек.кз» порталына бос орын жарияланып, 11.10.2024жылдан бастап Ойылханова Балайым Асқарқызы жұмысқа қабылданды.

Шағын дамыту орталығының тәрбиешісі Бауеденова Дамет диплом бойынша мамандығы – мектепке дейінгі тәрбие және оқыту. Зейнеткерлікке 2025 жылдың 22 қазан күні шығады. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтарды және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығына сәйкес жасы бойынша зейнетақыға дейін төрт жылдан аспайтын педагог ретінде аттестаттау рәсімінен босатылды. Тиісті бейіні бойынша үш жыл ішінде кемінде 72 сағат көлемінде педагогтардың біліктілік арттыру курсы бойынша Бауеденова Дамет – ШДО тәрбиешісі, 2024-2025 оқу жылы біліктілік арттыру курсынан өту жоспарланып, 13.01-14.02.2025 жыл аралығында «Баланы ерте дамыту бағдарлары» 170 академиялық сағат көлемінде курстан өткен. **Сертификат №105631**, 14.02.2025 жылы берілген.

А.Әжібаева мен Д.Бауеденованың диплом көшірмелері, әдістемелік ұсынымдардың педагогтармен жасақталғандығы туралы №2-қосымшасы, педагогтардың ауысқан, қабылданған жөніндегі бұйрықтары, Д.Бауеденованың аттестаттау рәсімінен босатылғаны туралы бұйрық, тиісті бейіні бойынша курстан өткен сертификаттары қосымша жалғанды.

2. Өлшемшарттың 11.1. тарауы. Әдістемелік ұсынымдардың 3-қосымшасына сәйкес 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарына ұсынылған, алайда мектепалды даярлық тобының 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарына балалардың тізімін нақтылап ұсыну, келген, кеткен тәрбиеленушілердің растаушы құжаттарымен ұсыну.

Қорытынды:

2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарына мектепалды даярлық тобының тәрбиеленушілерінің тізімдері, келген, кеткен тәрбиеленушілердің растаушы құжаттары нақтылап ұсынылды.

3. Өлшемшарттың 12.2. тарауы. Оқу пәндерінен баға қорын толықтыру, уақтылы электронды журналға қалыптастырушы және жиынтық бағалауды енгізу.

Өлшемшарттың 12.9. тарауы. "Жолда жүру ережелері" оқу курсы бойынша тақырыптары сынып сағаттары тақырыптарына кіріктіріліп "Bilimclass" электрондық журналындағы "Тәрбие сағаты" бөліміне тақырыптарды енгізу.

Өлшемшарттың 14.2. тарауы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» №348 бұйрығының 2-қосымшасы 4-тарауы 40-44-тармақтары, 3-қосымшасы 4-тарауы 57,59-тармақтарының талаптарына сәйкес <https://bilimclass.kz/> электрондық журналын зерделеу барысында білім алушылардың оқу жетістіктері бағалау өлшемшарттарға сәйкес жүргізу, кейбір оқу пәндері бойынша қалыптастырушы бағалаудың қорын молайту.

Қорытынды:

«Жолда жүру ережелері» оқу курсы бойынша тақырыптары сынып сағаттары тақырыптарына кіріктіріліп "Bilimclass" электрондық журналындағы "Тәрбие сағаты" бөліміне тақырыптар уақтылы енгізілгендігі үшін мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.Қ.Ареновке ескерту берілді.

Қателіктерді болдырмау мақсатында <https://bilimclass.kz/> электрондық журналын дұрыс толтыру, баға қорын толықтыру, уақтылы электронды журналға қалыптастырушы және жиынтық бағалауды енгізу жөнінде түсінік жұмыстарын жүргізу мақсатында 26 наурыз 2025 жылы мектепшілік семинар ұйымдастырылды.

Ескерту берілгендігі жөніндегі бұйрық, семинар бағдарламасы қосымша жалғанды.

4. Өлшемшарттың 12.3. тарауы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" №348 2-қосымшасы, 2-тарауы 5-тармағының 1,2,3,4,5,6-тармақшалары, 3-қосымшасы 2-тарауы 15-тармағына сәйкес "Біртұтас тәрбие бағдарламасы" бойынша жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар бағытында бекітілген жобалар планері, қамқоршылық кеңес жоспары, хаттамалары растаушы құжаттары ұсынылды.

5. **Өлшемшарттың 12.10.тарауы.** Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" №348 бұйрығының 3-қосымшасы 2-тарауы 39-тармағының талаптарына сәйкес басқару менеджменті бойынша мектеп директоры және тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары курстан өткізу. Технология пәнінің мұғалімі Сәрсенғалиев Асылхан Базарұлы еңбек өтілі 15,2 жыл, Химия пәнінің мұғалімі Мұхит Акерке Құралбайқызы, математика пәнінің мұғалімі Қазыбаева Гүлім Ерболқызы біліктілік санаттарын мерзіміне сәйкес арттыру. Педагог-психолог Кошкарбаева Асем Нурбакытовна еңбек өтілі 5 жыл, біліктілікті арттыру курсынан өткізу. Әрбір ғимаратқа (оқу корпусына) санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының көшірмесін ұсыну. Медициналық қызметке №10644DD лицензияға қосымшасында білім беру ұйымының мекен-жайын нақты көрсету. Модификациялық физика, химия, биология кабинеттерімен жабдықтау

Қорытынды:

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" №348 бұйрығының 3-қосымшасы 2-тарауы 39-тармағының талаптарына сәйкес басқару менеджменті бойынша:

Мектеп директоры - М.Е.Аяпбергенов, 13.01-24.01.2025 жылы аралығында «Білім берудегі менеджмент» тақырыбындағы 80 академиялық сағат көлемінде курстан өткен. **Сертификат №119275**, 24.01.2025 жылы берілген.

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – Н.Қ.Аренов 16.09-27.09.2024 жылы аралығында «Тәрбие жұмысының менеджменті» тақырыбындағы 80 академиялық сағат көлемінде курстан өткен. **Сертификат №0750113**, 27.09.2024 жылы берілген.

Технология пәні мұғалімі А.Б.Сәрсенғалиев еңбек өтілі – 16,2 жыл. 2023-2024 оқу жылында «педагог-модератор» санатын алуға өтініш білдірді, біліктілік тестілеуден тиісті балды жинай алмағандықтан аттестатталмады. 2024-2025 оқу жылы «педагог-модератор» біліктілік санатын алуға үміткерлер тізіміне қойылды. А.Б.Сәрсенғалиевке Біліктілік санатын көтермеуіне 5 жылдан асып кетуіне байланысты 2025 жылдың 31-тамызына дейін 2019 жылдың 27-желтоқсанында шыққан «Педагог мәртебесі туралы» Заңның 15-бап, 3-тармақшасын басшылыққа ала отырып келісімшарттың бұзылатындығы жөніндегі хабарлама берілді.

Химия пәнінің мұғалімі **Мұхит Акерке Құралбайқызы**, математика пәнінің мұғалімі **Қазыбаева Гүлім Ерболқызы** 2023-2024 оқу жылында біліктілік санаттарын арттыру бойынша үміткерлер тізіміне қойылған және де сәйкесінше біліктілік санаттарын арттырды.

Педагог-психолог **Кошкарбаева Асем Нурбакытовна** еңбек өтілі 6 жыл, тиісті бейіні бойынша 02.09-13.09.2024 жыл аралығында

«Эмоционалды интеллект – педагогтің кәсіби міндеттерін шешу құралы» тақырыбындағы 80 академиялық сағат көлемінде курстан өткен. Сертификат №0757274, 13.09.2024 жылы берілген.

Әрбір ғимаратқа (оқу корпусына) санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының көшірмелері ұсынылды.

Медициналық қызметке №10644DD лицензияға қосымшасында білім беру ұйымының мекен-жайын нақты көрсетілген нұсқасы ұсынылды.

Модификациялық физика, химия, биология кабинеттерімен жабдықтау бойынша атқарылған істер:

2024 жылы Екпетал мектеп балабақшасының базасындағы жаратылыстану пәндері бойынша «Ғылым» кабинеті аудандық білім бөлімінің басшысының растауымен Теректі негізгі мектебіне алым-берім жұмыстары нәтижесінде берілді. Химия және биология кабинеттері мектептің ҰБДҚ-на енгізілді. «Ғылым» кабинетіне қажетті құрал-жабдықтарды толықтыру мақсатында Ойыл аудандық білім бөлімінің басшысының атына сұраныс берілді. Қазіргі таңда сұраныс қанағаттандырылып, 2025 жылға модернизациялау бойынша физика кабинетімен жабдықтау жөнінде қаражат бөлініп, мемлекеттік сатып алу ережесіне сәйкес жұмыстар жүргізілуде.

Басқару менеджменті бойынша, біліктілікті арттыру курсынан өту бойынша сертификаттары, біліктілік санаты куәліктері, санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды көшірмелері, медициналық қызметке лицензияға қосымшасы, Екпетал МББ-мен жүргізілген алым-берім актісі, кабинетпен жабдықтауға берілген сұраныс, модернизациялау бойынша жұмыстар жүргізіліп жатқандығы туралы білім бөлімінің басшысының анықтамасы қосымша жалғанды.

6. **Өлшемшарттың 13.1.тарауы** 2022-2023 оқу жылында оқу жұмыс жоспары ҚР БҒМ 2012 жылы 8 қарашадағы №500 бұйрығының (өзгерістер енгізу туралы 12.08.2022 №365 бұйрығы) үлгілік оқу жоспарының 6-қосымшасы негізінде жасалған Негізгі орта білім беру деңгейдегі білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі 5-сыныпта 28,5 сағат, 6-сыныпта 28 сағат, 7-сыныпта 31 сағат, 8-сыныпта 32,5 сағат, 9-сыныпта 34 сағат болып тұр. Осы оқу жылының оқу жұмыс жоспары мен сабақ кестесіндегі сағат саны сәйкес. Оқу жұмыс жоспарында біріктірілген 5-сыныптарда 0,25 сағат, 7-8-сыныптарда 0,25 сағат мемлекеттік жалпы міндетті білім беру стандарты орындалмаған. Алдағы уақытта мемлекеттік жалпы міндетті стандарттың аталған қателіктерді болдырмау мақсатында жұмыстанып, қорытындысын педагогикалық кеңесте қарау, шешімін ұсыну.

Қорытынды:

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты орындалмауына байланысты мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары А.Қ.Мұхитқа ескерті берілді. Аталған қателік педагогикалық кеңесте қаралып, шешім шығарылды.

Ескерту берілгені жөніндегі бұйрық, педагогикалық кеңесте қаралғаны туралы хаттамадан үзінді, 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс оқу жоспары қосымша жалғанды.

7. Бітіруші сыныптардың кешенді тестілеуінен 4-сынып оқушылары 2023-2024 оқу жылында 33,3% көрсетуіне байланысты «қанағаттанарлықсыз» деп бағаланған болатын. 12 наурыз 2025 жылы білім беру ұйымдарын бағалау кезіндегі кешенді тестілеу өткізіліп, оң бағалар нәтижесі 62,5%-ды көрсетті.

Бітіруші сыныптардың кешенді тестілеу нәтижелері көрсетілген әдістемелік ұсынымдардың №13 қосымшасы, білім беру ұйымдарын бағалау кезіндегі кешенді тестілеудің қорытынды бағалаулар бойынша ведомосы сайтқа салынды.

«Теректі негізгі мектебі» КММ директоры:  М.Е. Аяпбергенов

